



Түркі тілдері/ Turkic languages/ Тюркские языки

Сопылық түркі поэзиясын декодтау тәжірибесінен (Ясауидың «Диуани хикмет» мәтіні материалында)¹

Ж.А. Жақыпов

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы
(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

ARTICLE INFO

АННОТАЦИЯ

Кілт сөздер:
тілдік-мәдени код,
лингвокультура,
декодтау
стилистикасы,
конвергенция,
ойдан шықпау
әсері, ілінісу,
сопылық, тариқат,
магрипат.

Мақалада Ясауидың «Диуани хикмет» шығармасын көркем мәтін ретінде декодтау жолдары ұсынылып отыр. Лингвистикалық түркітанудағы алғашқы тәжірибе деп санаймыз, себебі декодтау стилистикасы тарихи мәтіндерге емес, қазіргі көркем мәтіндерге ғана қолданылып келеді. Ясауидың «Диуани хикметі» сопылық поэзияның іргелі үлгісі екені белгілі. Сонымен бірге мәдениеттану заңдылықтары бойынша бұл шығарма басқа діни жазбалармен қатар қасиетті мәдени кодқа жатады. Ал ондағы тілдік құрам тілдік-мәдени код болып саналады. Тілдік-мәдени кодты талдауға лингвокультура тірек бола алады. Бұл тұста лингвокультура мәтіннен бастап, ондағы жекелеген бірліктерге дейін қамтиды. Алайда декодтау стилистикасына енгізу үшін лингвокультура көркем мәтіннің түзілісіне қызмет етіп тұруы қажет.

ХҒТАР 16.21.51

Автор ойларының прагматикасы оқырманға ұсынған кодтарын оқырманның декодтау шамасымен байланысты. Ұсыну қағидатына сүйенсек, Ясауи хикметтерінде конвергенция, ойдан шықпау әсері, ілінісу құбылыстары алға тартылады. Осы құбылыстар арқылы хикметтердегі тілдік-мәдени ақпаратты оқырман интерпретациялай алады. Алайда шығарма мәнісін ашу, оқырманда бұрын бастан кешкенінен, естігенінен, оқығанынан жиған аялық білім болса, алдын ала қажетті ақпарат қоры болса, тиімді болады. Демек, аялық білім шешуші рөл атқарады. Ясауидың «Диуани хикмет» мәтінін түсіну үшін оқырманның исламдағы тариқат, мағрипат, шарифат жолдарынан, сопылық дүниетанымнан хабардар болғаны тиімді.

DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-110-122>

Декодтау стилистикасы арқылы Ясауидың «Диуани хикмет» көркем мәтіндегі стилистикалық тәсілдердің мән-мазмұны ашылды.

Received 12 April 2023. Revised 15 April 2023. Accepted 19 August 2023. Available online 30 September 2023.

Дәйексөз үшін:

Ж.А. Жақыпов Сопылық түркі поэзиясын декодтау тәжірибесінен (Ясауидың «Диуани хикмет» мәтіні материалында) // Turkic Studies Journal. – 2023. – Т. 5. – №3. – 110-122 б.
DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-110-122>

For citation:

Zh.A. Zhakypov From the experience of decoding Turkic Sufi poetry (based on Yassawi's work "Diwani Hikmet") // Turkic Studies Journal. – 2023. – Vol. 5. – No3. – P. 110-122. DOI: <http://doi.org/10.32523/2664-5157-2023-3-110-122>



¹ Мақала AP14870245 – Ахмет Ясауидың «Диуани хикметіндегі» тілдік-мәдени кодтар» атты гранттық жоба негізінде жазылды.

Кіріспе

Өзгетілді зерттеулерде (К. Ераслан, Ф. Көпрүлү, Ш. Габескерия, З. Буният, Ч. Мелвил) Ясауи мұрасы тарихи, тарихи-мәдени аспектілерде қаралады. Сондықтан түркітанулық тіл білімінде тілдік-мәдени кодтарды зерттеу жаңа үрдіс ретінде танылады. **Мақсатымыз** мұндай зерттеудің тағы бір жолын көрсету, «Диуани хикметті» көркем мәтін стилистикасы тұрғысынан талдау болып отыр. Ал сакралдылық сипатты теологтар мен философтар, әдебиеттанушылар үлесіне қалдырамыз. Соған орай тілдік-мәдени код ұғымының ауқымын анықтау, бұл кодтарды ашу тәсілдерін іздеп тауып, қолдану, осы тәсілдерді Ясауи хикметтеріндегі тілдік-мәдени кодтарды парықтауға пайдалануды зерттеу **міндеттерін** айқындаймыз.

Ғылымда тілдік код пен мәдени код дербес қаралады, тілдің өзін мәдени код қатарына енгізеді. Сондықтан «тілдік-мәдени код» деген терминді айқындап алған жөн.

Тілдік кодқа тілдесім құралы, жүйесі, тілдің өзі, аумақтық я әлеуметтік диалект, койне, креол, ақпарат жеткізу мен қатысымды қамтамасыз ететін т.б. құралдар жатқызылады. Тілдік код ұғымы кез келген табиғи жүйедегі тілдік түзілімдерді тілдің таңбалық теориясы тұрғысынан, тілден тыс ақпаратты таңбалау мен жеткізу қабілеті тұрғысынан айқындайды. Бұл термин тілдік құрал көмескі және басқа бір нәрсеге қатыссыз болып тұрғанда, оның сипатын нақты белгілемей, тілдік код терминімен алмастыру үшін пайдалануға мүмкіндік береді. Тілдік код термині тілдің жүйесі мен ішкі жүйесінің арасындағы иерархиялық қатынастарды білдіру үшін де қолданылады. Мұндайда кодпен қатар субкод атауы да жүреді. Субкод деп тілдік кодтың коммуникативтік көлемі жағынан және пайдалану ауқымы жағынан кез келген кіші түрін, ішкі жүйесін айтады. Айталық, ұлттық тіл код деп аталса, оның субкоды әдеби тіл (стандарт), аумақтық диалект, қарапайым сөз, әлеуметтік диалектілер (арго, жаргон, сленг) болады. Субкод та өзінен деңгейі төмен ішкі жүйелерге мүшелене алады. Мұндайда субкод код деп, ал оның ішкі жүйелерін субкодтар деп атауға болады. Айталық, әдеби тіл (норма) код делінсе, ал әдеби тілдің функционалдық стильдері оның субкодтары болады. Осы тілдік қауым пайдаланатын және қызметі жағынан бірін-бірі толықтыратын кодтар мен субкодтардың жиынтығы осы қауымның әлеуметтік коммуникативтік жүйесін түзеді.

Енді мәдени кодқа келейік. Мәдени код ұғымы мәдениеттануда әлемнің мәдени бейнесін түсінуге кілт ретінде пайдаланылады. Ол мәдени құбылыстардың (мәністер, таңбалар, рәміздер, нормалар, мәтіндер, ғұрыптар) терең мәнісін ашуға көмектеседі. Бұл код таңба мен мағына арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етеді, атаулар әлемін мәністер әлеміне көшіруге, қандай да бір мәдени феномендердің нені білдіретінін түсінуге көмектеседі. Код болмаса, мәдени мәтін жабық болып шығады, оның мәнісі ашылмайтын болады. Егер мұндай код болса, мәтін ашық болады, оны «салыстырып оқып» шығуға болады. Мәдени мәтіннің оқылуы онда қандай код пайдаланылғанына байланысты. Кодтың өзі даму барысында трансформалануы (қарапайымдануы, күрделенуі, таңбалық жүйесін өзгертуі т.с.с.) мүмкін (Url).

Ғаламдық мәдени кодтардың үш типі бар: жазуға дейінгі (дәстүрлі) кодтар, жазба (кітаби) және қазір қалыптасып келе жатқан экрандық кодтар. Мәдениеттанушылар

мәдени кодтың жазба типінің пайда болуын қасиетті кітаптармен байланыстырып, осыдан бастап рәсімдік код магиясы сөз магиясына ауысқанын айтады. Ясауи мұрасы осындай жазба мәдени кодқа жатады.

Тілдік код пен мәдени кодтың пайымдауларын тіл білімі арнасына тоғыстыра зерттеу жаңаша бір нәтижелерге әкеледі. Ол үшін тілдік-мәдени код ретінде мәтіннен нақты бір тілдік санат талдауға тартылуға тиісті. Біз мұны тіл біліміне салыстырмалы түрде алғанда жаңа енген санат лингвокультуремалардан көреміз.

Лингвомәдениеттанулық зерттеулердің қай-қайсыболсын лингвокультуремалардың құрылымдық типтері әр алуан болатындығы, жеке бір сөзден бастап тұтас мәтінге шейін қамтитыны туралы тоқтамға келген.

Сонымен, Ясауи мұрасындағы тілдік-мәдени кодтарды лингвокультуремалар ретінде алған соң, оны тәпсірлеу (интерпретация) керек болады. Осы тұста декодтау стилистикасы көмекке келеді.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеуге материал ретінде «Ясауи Қ.А. Хикмет жинақ: Даналық сыр. – Алматы: «Жалын», 1998» басылымы пайдаланылды. Бұл кітапта Ясауидың хикметтерінің Ыстамбұл нұсқасының көркем аудармасымен қатар, шағатай тіліндегі нұсқасымен оның жолма-жол қазақша аудармасы берілген. Жолма-жол аударманы жасағандар – М. Жармұхамедұлы, М. Шафиғи, С. Дәуітұлы. Сондай-ақ Р. Сыздықованың «Ясауи «Хикметтерінің» тілі» атты кітабында берілген Самарқанд (Залеман) қолжазбасының транскрипцияланған нұсқасының мәтіні тиісті тұста ескеріліп отырды.

Декодтау стилистикасы, негізінен, зерттеу әдістерін қамтиды.

Орыс ғылымында декодтау стилистикасы теориясының дамуы И. Арнольд есімімен байланысты. Терминнің өзін стилистиканың бұл бөлімін «ақпарат теориясымен» және «қатысым үдерісіне қатысушымен» («мәтін – оқырман») байланыстың ыңғайлы көрсеткіші деп қабылдап И. Арнольд мұны нақтылай түсіп, зерттеудің мақсатын былайша дәлдейді: «Декодтау стилистикасы деп стилистиканың анағұрлым толық та терең түсінуге қол жеткізу үшін көркем мәтінді құрылымы мен оны құрастыратын элементтердің арақатынасына сүйеніп түсіндірмелеу амалдарын қарастыратын бөлімін ұғамыз» (Арнольд, 1972: 1).

Орыстың басқа ғалымдарының декодтау стилистикасы тұрғысынан мәтін талдаған еңбектерінде ақпарат теориясы, кибернетика, құрылымдық стилистика, поэтика, әдебиет теориясы мен тарихында мәтінді түсіндірмелеудің әлемдік және отандық ғылымдағы жетістіктері пайдаланылады. Мәтінді декодтау стилистикасы тұрғысынан зерттеушілердің интуицияны (түйсікті) құнттау жөніндегі пікірлері бір жерден шығады, мұны ғылыми талдауларына қосып отырады. М. Риффатерге және өз тәжірибелеріне сүйене отырып, онан ары дамытады: түйсік кез келген лингвистикалық зерттеуге міндетті түрде қатысатындығымен қатар, стилистің өзі де мәтінді түсіндірмелеуге информант бола алатындығын растайды (Арнольд, 2001: 35-45).

Анығын айтқанда, декодтау қазір көркем әдебиет мәтінін кеңінен парықтау, тәпсірлеудің негізі ретінде ұғынылып отыр. Түпкі мақсат – оқырманға мәтінді және ондағы автор

идеясын терең де толық түсінуге көмектесетін амалдарды тауып анықтау. Қалай? Көркем мәтіннің «кодын» құрылымдық стилистика сүйенетін мәнде іздеу мен жеткізу арқылы анықтау. Декодтаудың әзірленген әдістемесінің негізінде айтылып өткен аспектіде мәтін туралы ғылымның қорытындылары пайдаланылып қана қойған жоқ, сонымен қатар осы әдістемені кез келген мәтінмен жұмыс істеуде қолданудың типологиялық мүмкіндіктеріні дәлелдеу мен теориялық түзетулер енгізуге талпыныстар жасалған.

Декодтау стилистикасы – айтылыстың қабылдаушыға автордың ойы мен сезімін жеткізетін, сондай-ақ мәтіннің оқырманға әсерін анықтайтын тұстарын зерттейтін стилистикалық бағыт. Декодтау стилистикасындағы талдау мақсаты – шығарманың идеялық-көркем мазмұнын лингвистикалық тұрғыдан белгілеу. Негізгі міндеті – тіл мен мәдениеттің әр түрлі деңгейлері үшін шығарманы декодтаудың алгоритмдері мен кодтарын зерттеу. Код деп мәнді тілдік бірліктер мен олардың іліктесу, байланысу (комбинирование) ережелерінің жиынтығын, декодтау алгоритмі деп код комбинацияларын білудің арқасында ақпараттарды жаңғырту ережелерін ұғамыз. Ақпарат ретінде әдеби шығармалардың мәтіні немесе оның эстетикалық мәні болу үшін қажетті де жеткілікті болатын көлемдегі үзіндісі пайдаланылады. Декодтау стилистикасында коннотативтік мағыналарға, лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық, фонетикалық бірліктердің сол контексте бейнелеу мүмкіндігіне, яғни экспрессивтік сапасына; ойды беруде ой, сезім мен басқа да қатынастардың көркем мәтінде қатысымының әр түрлі жағдайларында қолданымы мен өзара ықпалын зерттеуге басты назар аударылады. Декодтау барысында ақпараттың кейбір бөлігінен айырылып қалу сөзсіз болады, оның себебі кодтаушы мен декодтаушы жадындағы мазмұн айырмашылығында және кодта өзгерістер болуының мүмкіндігінде. Ақпаратты жоғалтуға қарсы әрекет автор үшін маңызды қандай да бір мәністерді ұсыну амалының көмегімен жүзеге асады. Бұл амалдар ақпаратты бұрмалаудан сақтайды және декодтау барысында қате ұғынуға жол бермейді. Декодтау стилистикасында мұндай амалдарға, мысалы, конвергенция, ойдан шықпау әсері (эффект обманутого ожидания) және ілінісу (тіркесу, сцепление) жатады. Бұларға сипаттама көптеген еңбектерде беріледі. Соларды ортақтастыра түйіндеп, анықтамалар беруге тура келеді:

– конвергенция – автордың оқырман қабылдауын күшейтетін және түйілдіретін уәждері, сезімдері мен күйлері стилистикалық тәсілдердің тым молдығы.

– ойдан шықпау әсері – айтылыста ықтималдығы аз элементтің, ақпараттың жалғастығын бұзатын және күтпеген жайды туғызатын элементтің пайда болуы, бұл қабылдауға кедергі жасайды, оқырманның күш салуын талап етеді де, сонымен оқырманға күшті әсер етеді, өйткені болжамдалуы қиын элементтер ақпарат ретінде анағұрлым маңызды және экспрессивті болып келеді.

– ілінісу – шығарма элементтерінің фонетикалық (ұйқас, метр, аллитерация, ассонанс), құрылымдық (морфологиялық не синтаксистік құрылыс) немесе семантикалық (синоним, антоним) жағынан ұқсас тұрғыда болып, мәтін тұтастығына қызмет етуі.

Осы амалдармен Ясауидің «Хикметтеріндегі» тілдік-мәдени кодтарды шешіп көреміз. Р. Сыздық «Хикметтердің» Самарқанд нұсқасын талдағаны белгілі, біз Ыстамбұл нұсқасын (1897-жыл) және М. Жармұхамедұлының жолма-жол аудармасын пайдаланбақпыз. Ескерте кетер жайт – аталмыш аударманы сол қалпымен пайдаланған

жоқпыз, түпнұсқамен үнемі салғастырып отырып, түпнұсқа мәтінге басымдық бердік. «Хикметтердің» шағатай тілінде жазылғаны белгілі, түсініктілік үшін дәлме-дәл қазақша баламалары талдауға тартылды.

Тақырыптың зерттелу деңгейі

Қожа Ахмет Ясауи мұрасы айтарлықтай шамада зерттелді, әлі де зерттелуде. Зерттеуге ғылыми материал болуға лайық еңбектер де баршылық. Ясауи тілінің зерттелу деңгейін Р. Сыздықова толымды етіп көрсетіп берген (Сыздықова, 2014: 15-30). Қазақ тіл білімінің тұрғысын ұстанатындықтан осы тұрғыға орай келетін еңбектермен есептесіп отыру қажет.

Қазақ тілтанушыларының тарапынан Р.Ф. Сыздықованың Ясауи «Хикметтерінің» тілі» жөніндегі Самарқанд (Залеман) нұсқасына негіздеп талдаған еңбегі тілтанулық тұрғыдан көшбасшылық тұғырда тұр (Сыздықова, 2014). Дінтанушы философ Д. Кенжетайдың Ясауи мұрасын тарихи-философиялық, таным, мәдениеттану тұрғысынан жасаған терең де кең зерттеулерінің лингвистер үшін әдістанулық тұрғы болуға тиісті (Кенжетай, 2008). А.П. Әбуовтің зерттеулері Ясауи мұрасының түркілік-сопылық мәдениеттің жаңғыру жолдарын саралап берген (Абуов, 2022). Әдебиеттану тұрғысынан түсіндірген еңбек те бар (Жармұхамедұлы, 1999) Дей тұрсақ та Ясауи мұрасының тілін зерттеуде алда тұрған міндеттер көп. Сондай міндеттің бірі – Ясауи хикметтерін көркем мәтін ретінде декодтау стилистикасы жолымен парықтап беру. Ал қазақ тіл білімінде көркем мәтін стилистикасындағы оқырман тұрғысын (декодтау үлгісін) атап көрсеткен – А.С. Адилованың «Қабылдау стилистикасы» деген оқу құралы ғана (Адилова, 2016).

Декодтауда аялық білім болуы үшін Е.Э. Бертельстің сопылық пен сопылық әдебиет туралы еңбегі (Бертельс, 1965), А.Д. Кныштың сопылық философияны егжейлеген еңбегі (Кныш, 1991) көп көмегін тигізді.

Талдаулар

Конвергенция. Хикметтерде мол кездесетін лингвокультурема *жылау* сөзіне қатысты. Бұл сөздердің оқырман қабылдауын күшейтетін сезім, күй таңбалары екені сөзсіз. «Хикметте» *жыла* сөзі 52 рет, *жас (көз жасы)* сөзі 37 рет, *зар* сөзі – 26 рет, *еңіре* сөзі 12 рет кездеседі. Бұған байланысты қолданылған стильдік тәсілдерді түгендеп шығу қиын, алайда көп қолданылған тәсілдерді көрсетіп берейік: кейіптеу тәсілі – *жылаушы (налушы)* (2-хикмет)², *Күз иашимди дария қылыб иурдим мана – Көз жасымды дария қылып жүрдім* (18); коннотация – *иглаб иурдим – жылап жүрдім* (6), *Таки иглаб – Тәңірге жылау* (8), *Сахар уақтида зары қылыб иңранмидим – Таңсаріде зар қылып еңіремедім* (5) *Алла дибан тунлар туриб иңранмидиң – Алланы айтып, түнде тұрып еңіремедің* (11), *маңа игла – маған жыла* (11), *Зар иглабан, зар иңрагил, рахим келсун – Зар жылаңыз, зар еңіреңіз, рақым келсін* (31); *әсірелеу – иаш тукиб – жас төгу* (2, 11, 27, 57), *көз яшымен ақызубан жала қылдым – көз жасын көл қылып егілу* (6, 12); *Күз иашимди дария қылыб иурдим мана – Көз жасымды дария қылып жүрдім* (18)

² Мұнан былай жақша ішіне хикметтердің рет саны беріліп отырады

қайталанып кеткен метафора – бигам йурдим иашым ақмай - бейгам жүрдім жасым ақпай (9), Қанлар ақар кузлардин аққан иаши – Қан боп саулар көзінен аққан жасы (12), Кузларимдин қанлар тукиб иад етмидим – Көзімнен қанды жас төгіп, жад етпедім (16), қан иглазил – қан жылау (49, 60), қанлар ақсун кузлариндин – қан ақсын көздеріңнен (57), Кузини иашига қылгай таһарат – Көз жасына еткей таһарат (Мінәжаттан); эпитет – ихлас билан иглаб – ықыласпен жылау, шыннан жылау, һазар дастан иглаб - бұлбұлың боп жылау (17), Фарияд уриб иглаған, кириан болған гашиқлар – Зар еңіреп жылаған, жолы болған гашиқтар (45), Бидарларни куңли синуқ, кузи иашлиқ – Сопылардың көңілі сынық, көзі жасты (48). Сонымен қатар бұл қолданыстардың қай-қайсында болсын эмоционалдық пен экспрессивтілік бар.

Ал жылау сөзінің «Қазақ әдеби тілі сөздігінде» 12 мағынасы көрсетілген: «1. Қайғыдан, реніштен, ауырғаннан көзден жас шығару; 2. Зар еңіреу, зарлау, зарлану, іштегі зарын шығару; 3. Жоқтау, дауыс шығару; 4. Өкіру, қатты жылау; 5. ауыс. Қайғыру; 6. ауыс. Қиналу, жапа шегу; 7. ауыс. Сағыну, іздеу; 8. ауыс. Еңсесі түсу; 9. ауыс. Шағыну; 10. ауыс. Қоштасу, мауқын басу; 11. ауыс. Аңдардың дауыс шығаруы; 12. ауыс. Жауын жауу» (ҚӘТС, Т. 6: 667-668). «Диуани хикмет» мәтініндегі «жылау» сөзінің мағынасы бұл мағыналармен байланысын ада-күде үзген деп айтуға болмайды. Дегенмен осы мағыналардың бірін тап басып сәйкестіру қиын.

Демек, бұл мәтіндер «сөйлемдер желісінен» ғана тұрмайды, сөзбен берілмеген әлдебір «білімнен» де – қабылдау үшін мағлұм болу керек білімнен, мәтіннің жалпы мән-мазмұнының қалыптасуына қатысып тұратын білімнен де – тұрады. Жоғарыдағы мәтін өрнектерін декодтауға сопылық туралы білім көмектеседі. Жыла сөзінің мағынасы сопылықта, әдеби тілдегідей нақтылы психофизиологиялық құбылыстың атауы ғана емес, сопылықтағы шын сезім. Сопылық поэзия «тариқат» жолына үндей отырып, Құдайға мистикалық жолмен жетуге ден қояды, тариқат Құдаймен табысуды бастан кешудің сезімдік жолдарын сипаттайды (Нурдаулетова және т.б., 2022: 73). Д. Кенжетайдың сөзімен айтқанда, психотехникалық мектептен өтеді (Кенжетай, 2008, 137). Жылау – тариқат жолындағы сезімдік амал, психотехникалық қарекет. Сондай-ақ «жылаудың» нуминоздық мәні бар (Нуминоздыққа «понятие, характеризующее важнейшую сторону религиозного опыта, связанного с интенсивным переживанием таинственного и устрашающего божественного присутствия» деген анықтама беріледі (Ur1). Мұны «Иақам тутиб иглаб йурдим гулзарында – Жағамды ұстап жылап жүрдім гулзарында» (6); «Иақам тутиб утган ишга чиндан иглаб – Жағамды ұстап, өткен іске шыннан жылап» (17) деген жолдар айқындай түседі. Өйткені «жаға ұстау» тіркесінің мағыналық құрамында таңданумен бірге «шошу, қорқу» сияқты элементтер бар екені мәлім.

Демек, «Хикметте» жылау сөзінің символдық мәнге ие болып тұрғанын байқауға болады.

Конвергенция жолымен «Диуани хикметтегі» гашиқ, шарап лингвокультуремаларын да осылайша декодтауға болады, ықшамдық үшін оларды келесі бір орайға қалдырамыз.

Ойдан шықпау әсері. Бұл әсерді «Хикметтегі» топырақ сөзінің қолданысынан байқауға болады.

Декодтау екі негізді біріктіреді: біріншісі – оқырман қабылдауы тұрғысынан талдағанда болатын субъективтік негіз, екіншісі – тілдік қордан тұратын объективтік негіз. Осы тұрғыдан келгенде, *топырақ* сөзінің әдепкі қолданысындағы объективті мағыналары белгілі: «1. Жердің сыртқы, үстіңгі жұмсақ қабаты; 2. Атмосфераның, литосфераның, биосфераның және физикалық, химиялық, биологиялық процестердің әсерінен түзілген жер қыртысының борпылдақ беткі қабаты» (ҚӘТС, Т. 14: 284-289). Сөздікте сонымен қатар «топырақтың» фразеологиялық контекстері берілген. Ал «Хикмет» контексіндегі қолданыстардан (*Топырақ* сөзі 13 рет қолданылыпты) топырақтың мұндай белгісін көре алмайсыз:

Тофырақ қылыб хази бол деп бойнум игди – Топырақ қылып, әзір бол деп мойнымды иді (1).

Тупрақ сифат иер астиди болған яхши – Топырақ сипат жер астында болған жақсы (6).

Тупрақ сифат иол устида иолы болсам – Топырақ сипат жол үстінде жолы болсам (9).

Башим тупрақ, узим тупрақ, жисмим тупрақ – Басым – топырақ, өзім – топырақ, тәнім – топырақ (9).

Асылым тупрақ, насилим тупрақ, баршадин хар – Асылым – топырақ, нәсілім – топырақ, баршадан хар (22).

Тупрақ болғыл галим сени басыб утсун – Топырақ болғыл, галым сені басып өтсін (33).

Туфрақ улыб иерда иатсаң кафир улмас – Топырақ болып жерде жатса, кәпір болмас (39).

Күткен жайт болмай «алданудың» пайдалы әсері қарама-қайшы тіркестерден, шеңдестіктен, контрастыдан, алогизмнен, парадокстардан да көрінеді.

Хақтин қорқыб отқа тушмай пиштим мана – Хақтан қорқып отқа түспей пістім міне (1). *Шакир болыб, уртаб яниб куйдим мана – Ризалықпен өртеніп күйдім міне* (12). *Ғариблиқни куб қадирини билдим мана – Ғарыптықтың көп қадырын білдім міне* (19). *Салғыл қулағымға мени ғоғай, Мухаммад. – Сала гөр менің жаныма уайым-қайғы, Мұхаммед* (20). *Иер устида улмас бурун тирик улдим. – Жер үстінде өлмес бұрын тірі өлдім* (22). *Ғашиқларни суннати дур тирик улмак. – Ғашықтардың сүндеті дүр тірі өлмек* (23). *Нафси улған хор уа гилман кучар, достлар. – Нәпсі тыйған хор қыздарын құшар, достар* (39). Осы сөйлемдердегі отқа түспей пісу, тірі өлу сияқты оксюморондар, ризалықпен күйу, нәпсісін тыйған адамның хор қызын құшуы, ғарыптықтың қадыры сияқты алогизмдер, өзіне уайым-қайғы сұрап жалынуы – оқырман логикасына қайшы жайттар. Осының әсерінен оқырман декодтауға бірден кіріседі. Шығарма мәнісін ашу, оқырманда бұрын бастан кешкенінен, естігенінен, оқығанынан жиған аялық білім болса, алдын ала қажетті ақпарат қоры болса, тиімді болады. Егер бұрын жинақтаған қор жеткіліксіз болса, яғни оқырман зерде мен сезім жағынан тиісінше деңгейде болмаса, тілдік бірліктегі негізгі ақпаратты ала алмайды. Аялық білімді, ақпаратты сопылықтан аламыз. Сопылық лирикада жырланатын сезім амалдары мен әрекеттері екеніне көз жеткіземіз.

2-хикметте әр шумақтың соңында «Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга – Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» сөйлемі қайталанып отырады. Әр шумақта рухани кемелдену жолында табысқа жетіп отырғаны айтылады да, лирикалық кейіпкер

тосын түрде «жерге кіреді», парадокс. Қазақ тіліндегі қарабайыр дүние суретінде «жерге кіру» – жағымсыз мәндегі құбылыс, бұл тіркестің Фразеологиялық сөздіктегі мағынасы – «Бетінен оты шығып, қатты ұялу, өзін қоярға жер таппау» (Кеңесбаев, 2007: 258). Оқырманның алданған үміті шындықты іздетеді. Шындықты табуға, әрине, сопылықтағы тариқат, мағрипат туралы аялық білім көмектеседі. Ясауидың сопылық іліміндегі бір қағида – қоғамнан оңашалану, тариқаттың 10 мақамының бірі «таджридке» келеді (Абуов, 2022: 114, 124). Д. Кенжетай бұл қарекеттің «халуат» (қазақша – қылуат) деп аталатынын байыпты түсіндірмесін берген: «тілдік мағынасы «жалғыз қалу», «тыныш, таса жерге тығылу» дегенді білдіреді. Сопылықта мүридтің санасын белгілі мақсатқа бағыттау. Сол үшін шайх мүридін қараңғы, сыртқы әлемнен жырақ орындарда, яғни жерден қазылған мекенде, белгілі бір уақыт ішінде зікірлер, арнайы рухани жаттығулар арқылы тәрбиелейді» (Кенжетай, 2008: 324-325). Оқырманға енді «жерге кірудің» мәні осылайша түсінікті болады, яғни декодталады.

Ілінісу. Хикметтерде фонетикалық, құрылымдық, семантикалық жағынан ұқсас тұрғыда болып, мәтін тұтастығына қызмет ететін стилистикалық тәсілдер баршылық.

Хикмет шумақтарындағы дыбыстық үйлесімдер диахрониялық тұрғыдан алғанда мәтін тұтастығына қызмет етіп тұрады. Мысалы (шағатай тіліндегі түпнұсқасы арнайы ұсынылады):

*«Бисмиллаһи» деб баян айлай хикмат айтыб,
Талибларға дур уа гауһар сачтим мана.
Риядатни қатиғ тартыб қанлар йутиб,
Мен «Дафтар сани» созин ачтим мана
Сөзни айтдим һар ким болса дидар талаб,
Жанни жанға пунд қылыб рокни олаб.
Ғариб, фақир, иетимларни башин сылаб,
Көңили қатиғ халаиқдин қачтим мана*

(1-хикмет)

Бұл тармақтардағы шалыс ұйқастардың (абаб), негізінен, етістіктерден, 1-, 3-тармақтар етістіктің көсемшесімен тиянақсыз пішінде берілсе, 2-, 4-тармақтардың жедел өткен шақ пішінінде жасалуы мәтіннің баяндау жосығының бірыңғайлығына қызмет етіп тұр. Ең бастысы, ақынның сопылықтағы тариқат жолындағы әрекеттерін өлең ұйқасы да қолдап тұр. «Диуани хикметтен» мұндай құбылыстарды көптеп табуға болады.

Құрылымдық жағынан ілінісу амалдарына хикмет шумақтарының бір сөйлемнің қайталануымен тұйықталып отыратындығын жатқызуға болады. Осы сөйлемдер сол мәтінді бір семантикаға біріктіріп отырады. Ондай құрылымдарға шумақтарды тиянақтап отыратын, мәтін когезиясына қызмет ететін мына сөйлемдерді жатқызуға болады: «Ол сабабдин алтмыш учда кирдим иерга – Сол себептен алпыс үште кірдім жерге» (2), «Ол сабабдин хаққа сиғныб келдим мана – Сол себептен Хаққа сыйынып келдім, міне» (4), «Заты улуғ хожам, сиғниб келдим сеңа – Заты ұлық ием, сыйынып келдім саған» (6), «Бир уа Барым, дидарыңны курармин му – Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе» (7), «Мустафаға матам тутуб кирдим мана – Мұстапаға аза тұтып кірдім, міне» (8), «... иер астиға кирдим мана – ... жер астына кірдім, міне» (9), «Не иуз бирла хазретиға барғум мана – Қай бетіммен хазіретке барам міне» (13),

«Ламаканда хақдин сабақ алдым мана – Ламаканда хақтан сабақ алдым міне» (16-, 17), «Иштиб, уқиб иерга кирди Құл Қожа Ахмад. – Естіп, оқып жерге кірді Құл Қожа Ахмет» (22-, 23), «Һар не қылсаң ғашық қылғыл паруардигар. – Не қылсаң да ғашық қыл, пәруардігер» (27-, 28), «Жан уа дилда хайй зикирини айтың, достлар – Жан мен ділде хақ зікірін айтқын, достар» (33-, 34) т.б.

Ясауидың «Диуани хикметін» декодтау стилистикасы жолымен лингвистикалық парықтау үлкен іргелі зерттеу жасауды қажет етеді. Мақала мақсаты осының бір үлгісін көрсету болды.

Нәтижелер

Жылау культуремасына қатысты қолданыстарды талдау барысында олардың бәрінен эмоциялық және экспресивтік мән анықталды.

Конвергенциямен декодтау үшін тек мәтін ішімен шектеле алмаймыз. Мәтіннің дұрыс қабылдануы тілдік және графикалық бірліктер мен құралдар көмегімен ғана емес, білімнің жалпы қоры, басқаша айтқанда, «коммуникативтік фон (ая)» көмегімен де қамтамасыз етіледі. Осы фонға сүйеніп мәтін түзіледі, декодталады. Соған орай мәтіннің қабылдануы пресуппозициямен байланысты болады. Мұндай жайттарға байланысты функционалдық тіл білімінде вертикал контекст деген термин де қолданылады.

«Жылау» культуремасы бар айтылыстар бойында мән-мазмұнды анықтайтын білім де бар екені байқалды, атап айтқанда, сопылық туралы білім бар. Жыла сөзінің мағынасы сопылықта, әдеби тілдегідей нақтылы психофизиологиялық құбылыстың атауы ғана емес, сопылықтағы шын сезім. Сопылық поэзия «тариқат» жолына үндей отырып, Құдайға мистикалық жолмен жетуге ден қояды, тариқат Құдаймен табысуды бастан кешудің сезімдік жолдарын сипаттайды. «Хикметте» жылау сөзінің символдық мәнге ие болып тұрғанына талдау нәтижесінде көз жетті.

Қарапайым оқырман осынша рухани кемелденген кейіпкердің «топырақ» болуын күтпейді, осы күтпеген жайттың әсері бұл жұмбақты шешуге итермелейді. Осыдан келіп субъективті негізге сүйенеміз де, топырақ сөзі діни мәндегі лингвомәдени мағынаға ауысқан деген ойға тірелеміз. Құранның біраз аяттарында (Хаж сүресі, 5-аят, Муминун сүресі, 12-аят, Мумин сүресі, 67-аят т.б.) Алланың адамды топырақтан жаратқаны туралы айтылады. Демек, Ясауидың «Диуани хикметі» діни сопылық мазмұндағы шығарма екенін ескерсек, лирикалық кейіпкердің топырақ болуын, топырақ сипатқа енуін, өзін, басын, тәнін, асылын, нәсілін топырақ деп табуын алғашқы болмысқа, адам жаралмай тұрғандағы болмысқа «қайту» аңсары деп, өзінің болмысынан тыс болуын жанының қалауы деп, яғни трасценденталдыққа ұмтылуы деп, декодтауға болады. Осылайша декодтау стилистикасының әдістері сырт көзбен қарағанда көрінбейтін ақпаратты декодтау арқылы көркем мәтінді лайықты түсінуді қамтамасыз етеді. Мұндай ақпарат, біздің мысалымызда арнаулы аллюзиядан байқалып тұр.

Ойдан шықпау әсеріне байланысты «жерге кіру» культуремасының мәні қылуат процесімен декодталатыны анықталды.

Ілінісуге қатысты тілдік айғақтарды талдаудан бұлардың мәтін тұтастығына қызмет етіп тұратыны анықталды. Шумақтар соңында бірдей сөйлемді қайталау тәсілімен

мәтін семантикасын шоғырланатыны көрінді (Сол себептен алпыс үште кірдім жерге; Бір және Барым, дидарыңды көрермін бе. т.б.).

Қорытынды

Декодтау стилистикасының әдістері сырт көзбен қарағанда көрінбейтін ақпаратты декодтау арқылы көркем мәтінді лайықты түсінуді қамтамасыз етеді. Анығырақ айтқанда, декодтау – көркем сөзді эстетикалық қабылдау теориясында оқырман тұрғысы бастапқы болатын шығармашылық үдеріс, оқырманның автормен түсіністігі мәтін талдаудың маңызды әдістанулық ұстанымына айналады.

Оқырманға жетер жолда мәтін әлеуметтік, тарихи, уақыттық, мәдени т.б. сипаттағы әр түрлі бөгетке тіреледі, бұл сөзсіз. Автор мен оқырман әр басқа тарихи дәуірден, әр басқа әлеуметтік топтан болуы мүмкін, діни я саяси көзқарасы әр басқа болуы мүмкін, мәдени және ұлттық дәстүрі әр басқа болуы мүмкін. Кейбір шығармалар оқырманнан ой-өріс кеңдігін, тарихтан, философиядан, мифологиядан, діннен т.б. білімі болуын талап етеді, осылар болса ғана мәтінді барынша декодтауға болады. Ясауидың «Диуани хикметі» мен қазіргі оқырман арасында осындай жайттар бар.

Ясауидың хикметтеріндегі тілдік-мәдени кодтарды ашу үшін декодтау стилистикасының конвергенция, ойдан шықпау әсері, ілінісу сияқты амалдары мол мүмкіндік береді. Осылар арқылы хикметтердегі тілдік бірліктердің мәдени айғақ екені анықталады, сонымен қатар бұлардың көркем мәтінтүзімге қызмет ететіні, эстетикалық қызметі айқындалады. Көркем мәтіндегі символдық мағына, сөз киесі, концептілік мәнді де анықтауға жол ашылады.

Түркілік сопылық поэзияны көркем мәтін санатында қарауда аялық білімнің маңызы зор. Себебі мәтін дегеніміз – автордың ойлау-сөйлеу қарекетінің өнімі ретінде және тәпсірлеуші оқырманның ойлау-сөйлеу қарекетінің материалы ретінде бәрінен бұрын ерекше түрде ұсынылған білім – вербалданған білім және аялық білім. Ясауидың «Диуани хикмет» көркем мәтінін лингвистикалық тәпсірлеу (интерпретация) үшін ислам мәдениеті, сопылық ағым, тариқат, мағрипат санаттарының контекстін бағдарлау шарт.

Әдебиет

Абуов А.П., 2022. Духовное наследие Яссауи. Алматы: «Көкжиек-Горизонт». 212 с.

Адилова А.С., 2016. Қабылдау стилистикасы. Алматы: «Эпиграф» баспасы. 128 б.

Арнольд И., 1972. Теоретические основы стилистики декодирования// Стилистика романо-германских языков: Материалы семинара. Ленинград. С. 6-20.

Арнольд И.В., 2001. Стилистика современного английского языка (стилистика декодирования). Москва: Наука. 383 с.

Бертельс Е.Э., 1965. Суфизм и суфийская литература. Москва: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы. 531 с.

Воробьев В.В., 2006. Лингвокультурология. Москва: Изд-во Российского университета дружбы народов. 338 с.

Жармухамедұлы М., 1999. Қожа Ахмет Ясауи және Түркістан. Алматы: Ғылым. 128 б.

- Кеңесбаев І., 2007. Фразеологиялық сөздік. Алматы: «Арыс» баспасы. 800 б.
- Кенжетай Д., 2008. Қожа Ахмет Ясауи дүниетанымы. Алматы: «Арыс» баспасы. 360 б.
- Кныш А.Д., 1991. Суфизм // Ислам. Историграфический очерк. Москва: Наука. 230 с.
- ҚТӘС, Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15 томдық.
- Нұрдәулетова Б., Шохаев М., Кенганова А., 2022. Жыраулар поэтикасындағы «шынайы адам» концептісі. Turkic Studies Journal. 4 (Vol.2). Б. 72–85. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85>
- Сыздықова Р., 2014. Ясауи «Хикметтерінің» тілі. Алматы: «Ел-шежіре». 664 б.

Reference

- Abuov A.P., 2022. Duhovnoe nasledie Yasawi [The spiritual heritage of Yassawi]. Almaty: «Kokzhiiek-Gorizont». 212 p. [in Russian].
- Adilova A.S., 2016. Qabyldau stilistikasy [Stylistics of perception]. Almaty: «Epigraf» Publishing House. 128 p. [in Kazakh].
- Arnold I., 1972. Teoreticheskie osnovy stilistiki dekodirovaniya. Stilistika romano-germanskih yazykov: Materialy seminarina [Theoretical foundations of decoding stylistics. Stylistics of the Romano-Germanic languages: Materials of the seminar]. Leningrad. P. 6-20. [in Russian].
- Arnold I.V., 2001. Stilistika sovr. angliskogo yazyka (stilistika dekodirovaniya) [Stylistics of the modern English language (decoding stylistics)]. Moscow: Nauka Publishing House. 383 p. [in Russian].
- Bertels E.E., 1965. Sufizm i sufiiskaya literature [Sufism and Sufi literature]. Moscow: Nauka Publishing House. The main editorial office of Oriental literature. 531 p. [in Russian].
- Vorobev V.V., 2006. Lingvokulturologiya [Linguoculturology]. Moscow: Publishing House of the Peoples' Friendship University of Russia. 338 p. [in Russian].
- Zharmuhameduly M., 1999. Qozha Ahmet Yassawi zhane Turkistan [Khozha Ahmed Yasawi and Turkestan]. Almaty: Gylym. 128 p. [in Kazakh].
- Kenesbaev I., 2007. Frazeologiyalyq sozdik [Phraseological dictionary]. Almaty: «Arys» Publishing House. 800 p. [in Kazakh].
- Kenzhetai D., 2008. Qozha Ahmet Yasawi dunietyanymy [Khozha Ahmed Yasawi's worldview]. Almaty: «Arys» Publishing House. 360 p. [in Kazakh].
- Knysh A.D., 1991. Sufizm. Islam. Istorigraficheskii ocherk [Sufism. Islam. Historiographical essay]. Moscow: Nauka Publishing House. 230 p. [in Russian].
- QTAS, Qazaq adebi tilinin sozdigi [Dictionary of the Kazakh literary language]. 15 volumes. [in Kazakh].
- Nurdauletova B., Shohaev M., Kenganova A., 2022. Zhyraul ar poetikasyndagy «shynajy adam» konceptisi. Turkic Studies Journal. 4 (Vol.2). P. 72-85. <https://doi.org/10.32523/2664-5157-2022-2-72-85>
- Syzdyqova R., 2014. Yasawi «Hikmetterinin» tili [The language of the «Wisdom» of Yasawi]. Almaty: «El-shezhire» Publishing House. 664 p. [in Kazakh].

Zh.A. Zhakypov

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

**From the experience of decoding Turkic Sufi poetry
(based on the text of Yassawi's "Diwani hikmet")**

Abstract. The article suggests ways of decoding Yassawi's work "Diwani hikmet" as a literary text. We consider it the first experience in linguistic Turkology, since decoding stylistics is applied only to modern literary texts, and not to old manuscripts. It is known that Yassawi's "Diwani Hikmet" is a fundamental example of Sufi poetry. At the same time, according to the laws of cultural studies, this work, along with other religious writings, belongs to the sacred cultural code. And the language composition in it is considered a linguocultural code. Linguoculturema can be basis for analysis of the linguistic and cultural code. At this point, linguoculturema includes everything from the text to its every element. However, in order to introduce linguoculturema into the the style of decoding, it is necessary that linguoculturema should serve to form a literary text.

The pragmatism of the author's thought is connected with the reader's ability to decipher the codes presented to the reader. On the basis of the principle of nomination in the Yassawi's "Diwani hikmet", the phenomena of convergence, the effect of deceived expectations and coupling are put forward. Thanks to these phenomena, the reader can interpret the linguistic and cultural information of the hikmet. However, the disclosure of the meaning of the work will be effective if the reader has background knowledge gleaned from what he has experienced, heard and read, and if he has a stock of necessary information in advance. Therefore, background knowledge plays a crucial role. To understand the text of Yassawi's «Diwani Hikmet», it is useful for the reader to know the ways of Islamic Tariqat, Magrifat, Sharia and Sufi world knowledge.

With the help of decoding stylistics, the essence and content of stylistic techniques in the literary text of Yassawi's «Diwani Hikmet» are revealed.

Keywords: linguistic and cultural code, linguoculturema, decoding stylistics, convergence, deceived expectation effect, cohesion, Sufism, Tarikhat, Magripat.

Ж.А. Жакыпов

Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан

(E-mail: zhan.zhak58@gmail.com)

**Из опыта декодирования тюркской суфийской поэзии
(на материале текста «Диуани хикмет» Ясауи)**

Аннотация. В статье предлагаются способы декодирования произведения Ясауи «Диуани хикмет» как художественного текста. Мы считаем, что это первый эксперимент в лингвистической тюркологии, поскольку стилистика декодирования применяется только к современным художественным текстам, а не к историческим текстам. Известно, что «Диуани хикмет» Ясауи является фундаментальным образцом суфийской поэзии. В то же время по законам культууро-

логии это произведение, наряду с другими религиозными писаниями, относится к священному культурному коду. А языковая система в нём считается лингвокультурным кодом. Лингвокультура может стать опорой для анализа языково-культурного кода. Лингвокультура включает в себя от текста до отдельных его единиц. Однако для внедрения лингвокультуры в стилистику декодирования она должна служить формированию художественного текста.

Прагматичность авторской мысли связана со способностью читателя расшифровывать представленные читателю коды. На основе принципа выдвижения в «Хикметы» Ясауи выдвигаются явления конвергенции, эффекта обманутого ожидания и сцепления. Благодаря этим явлениям читатель может интерпретировать языково-культурную информацию хикметов. Однако раскрытие смысла произведения будет эффективным, если читатель имеет фоновое знание, почерпнутое из пережитого, услышанного и прочитанного, и если у него заранее имеется запас необходимых сведений. Поэтому фоновое знание играет решающую роль. Для понимания текста «Диуани Хикмет» Ясауи читателю полезно знать пути развития исламского тариката, магрифата, шариата и суфийского миропознания.

С помощью стилистики декодирования выявлены суть и содержание стилистических приемов в художественном тексте Ясауи «Диуани Хикмет».

Ключевые слова: языково-культурный код, лингвокультура, стилистика декодирования, конвергенция, эффект обманутого ожидания, сцепление, суфизм, тарикат, магрипат.

Автор туралы мәлімет:

Жақыпов Жантас Алтаевич, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қ. Сәтпаев к-сі, 2, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0002-8141-55017

Information about author:

Zhakupov Zhantas, Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2 K. Satpayev str., Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: 0000-0002-8141-5501.

Сведения об авторе:

Жақыпов Жантас Алтаевич, доктор филологических наук, профессор, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, ул. К. Сатпаева, 2, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0002-8141-55017